

ситуацию в Джезказганском ИТЛ. Ситуация к тому же усугублялась и внутренними административными нарушениями. Согласно отчетам, наблюдалась всесторонняя халатность, которая приводила к смертям, бегствам и фактам нарушения дисциплины.

Джезказганлаг в начале 1940-х гг. был создан как структурное звено репрессивно-индустриальной системы СССР, с целью обеспечения союзной индустриальной стройки - Джезказганского медеплавильного комбината. Труд заключённых в тяжелейших климатических и бытовых условиях стал основой реализации проекта. Однако, к моменту функционирования лагеря как отдельной единицы были выявлены множество нарушений и несоответствий требованиям об организации ИТЛ.

Несмотря на это, опыт был признан централизованно значимым, и с 1943 г. лагерь был передан Карлагу, как более стабильной управленческой структуре.

Список использованной литературы:

- 1 ГАКО. Ф. 1705, Оп. 1. Д. 44
- 2 Архив УКПС и СУ ГП РК по Карагандинской области. Фонд Джезлаг. Сборник приказов и указаний НКВД по финансовым и ЦПФ. Д. 15
- 3 ГАКО, Ф. 1705. Оп. 1. Д. 337
- 4 ГАКО, Ф. 1705. Оп. 1. Д. 53
- 5 Архив УКПС и СУ ГП РК по Карагандинской области. Фонд Джезлаг. Переписка по обследованию состояния лагеря за 1940/41 гг. Д. 1
- 6 Архив УКПС и СУ ГП РК по Карагандинской области. Фонд Джезлаг. Акты передачи дел по 1 л/отд. Кенгир. Д. 21
- 7 Архив УКПС и СУ ГП РК по Карагандинской области. Фонд Джезлаг. Секретных приказов и распоряжений по Управлению ДИТЛ. Д. 11
- 8 ГАКО. Ф. 1705. Оп. 1. Д. 46
- 9 Архив УКПС и СУ ГП РК по Карагандинской области. Фонд Джезлаг. Акт о передаче Джезказганлага в состав Карлага НКВД от 23-30 апреля 1943 г. Д. 91

АҒЫБАЙ БАТЫР ҰРПАҚТАРЫНЫҢ КӘМПЕСКЕГЕ ҰШЫРАУЫ

Касенов А. - өлкетанушы, аудармашы

Аршабеков Т.Т. - Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы

Қыр қазағының күнкөрісі малмен байланысты болған еді. Бүтіндей бір ұлттың көзін жоюды көздегендер ең әуелі оның малын алды. «Аша тұяқ қалмасын» деген солақай саясаттың салдарынан кейбір деректерге қарағанда, 1928 жылы Қазақстанда 40 млн бас малдан 1933 жылы оның тек 4 млн-ы ғана қалған. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығына сәйкес құрылған Комиссия XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізугіліген болатын. Осы маңызды жұмысқа Қарағанды Бөкетов зерттеу университетінің ғалымдары да өз үлестерін қосты. Әр аудандарда архив құжаттарын саралап, осы аралықтағы әр деңгейдегі архив құжаттарын аударма жұмыстарында жүргізген болатын. Бұл архив құжаттарын аударма жасау өлкетанушы Касенов Айдаржан Шет ауданы мемлекеттік архивінде 1930 жылдардағы құжаттар, соның ішінде араб қаріптерімен көнере бастаған жазбаларды мұқият қарап шықты. Әр құжат адам тағдыры, сол келеңсіз заман келбеті. Бұл құжаттарда кәмпескенің кері саясаты, сот органдарының шексіз заң бұзылушылықтары жиі кездеседі. Шет аудандық архивында сақталған ерекше құжаттың бірі «Список кулаков и баев лишенных избирательных прав» деп аталады. Құжаттан осы өңірдегі кәмпескеге ілінген байлар тізімі және айыптаулар істері тіркелген. Осы айыптаудың бірі Ағыбай батырдың

ұрпақтарына қатысты жүргізілген. Осы құжатты негізгі мазмұнына тоқталсақ, «Алдымен Шет ауданының 16 ауылдағы атақты бай Аманбай балаларын кәмпескеге тізіміне тіркеуден басталады. Құжат мәтіні «Қаулы. 1930 жылы декабрь айының 29 күні мен Шет аудандық тергеуші Баймұқанұлы Қазақстан заңының 116 – 128 баптарымен айыпталған Омар Тайбекұлының, Қабылбек Алтайбекұлының, қылмысты жұмысын қарап таптым. 1928 інші жылы байлар кәмпескеленгенде Шет ауданы 16 ауылдағы атақты бай Аманбай балалары кәмпескеленіп, жер ауады. Байлар күні бұрын өздері кәмпескеленетінін біліп малдарын тығады. Сол малдарды табу үшін аудандық милициядан Омар Тайбекұлымен төрт кісі 16 ауылда Қан Қарасай, Үш арал деген жерге барып бірнеше шаруаларды зерттеп табады. Табылған малдың ірісі, уағы бар 87 қара, 73 қой, 4 ішік, 5 көрпе, бір самаход, үш қағаз шай, бір тас шай, бір бешпет, бір шапан, бір шалбар, бір қылыш, бір кісе. Жоғарғы малдарды алып бері қайтпақ болып жүргенде қыс қатты жүре алмайтын болған соң, бергі жердегі елдерден табылған малдардан арғы жерден табылған жылқылардан шығарып, жарамдыларын 15 қой, 63 қара малды ауданға айдап келеді. 43 жылқы, 11 түйе, 9 сиыр, бір кісе белбеу, бір самаход, 4 ішік, 5 көрпе, 3 қағаз шай, 1 тас шай осы нәрселерді комиссиямен ауатком қолына өткізеді. 1 бие, 1 тай, 3 құнан арықтықтан ұшып өлген. Жоғарғы малдарды табу жөнінде 35 сомға үш ат сатып мінеді. Қалған 14 жылқы сол жақта қыстап, 1929 жылы жазғытұрым сол малды әкелуге 16 ауыл азаматы Жылқыбай Түменбайұлын атком тарапынан жібереді. Барып елдегі қолқат бойынша жиналып, түйініп 16 ауыл Тоқабек Берліқожаұлы бір жылқыны уәкіл Тайбекұлы әкетті деп бермейді. Екі жабағыны Омарбек Жұрынтайұлы 25 сомға маған сасып кетті деп бермейді. Әлібекұлы тергеліп, келгенде кәмпеске малынан мал сатып кетті деген мәлімет бойынша 1929 жылы Тайбекұлына, Алтайбекұлына партия тазалауында қолданылған ақиқаты шешілмеген. Бұл жұмысты тергеуші бастан аяқ тергеп келгенде Тайбекұлы ешбір мал сатпаған. Істегі жиналған деректерден толық айқындалады. Қашық жерде, үкіметтен қашық жатып, ескі қалыппен қолына бағуға берген малдары өліп қалды деп төмендегі адамдардың ешбір дәлелсіз жоқ қылып отырғандығы. Ақшолақ Өмірзақұлы бағуға берген тор дөненді көзін жойған.--ұлы қолындағы тор қасқа биені жоқ деп отырған. ----ұлы қара биені жоқ қылып отырған. Байғабылұлы тор құнан, құла биені өлді деп көзін жойған. Ауызша өлді дейді. Ешбір ауыл кеңеске жасатқан акт жоқ. Қолындағы----- мақсаттармен ұйымдасып Әлібек Избасарұлы қолдағы құла тайды сатып кетті деп отырған. Омарбек Жұрынтайұлы 2 жабағыны 25 сомға сатты деп отырған. Берліқожаұлы бір жылқыны Тайбекұлы сатып кетті деп жауаптармен жиналған деректерге қарағанда Тайбекұлының -- мал сатпағандығы --адамдар ауыз біріктіріп қолдарына бағуға бергенмақсатымен өтірік пәле салып жүргені Тайбекұлының, Алтайбекұлының таза екенін толық дәлелдейді. Жоғарғы арықтан, жұттан өлген мал туралы -акт және жиналған дерекке қарағанда - айқындалады. Зат жағынан бір бешпет, бір шалбар, айқындалады. Және сол мал табылғанда малды -үш қой, ақыға бердік -істегі сипаттама қағазы толық ашады. Жұмысқа жиналған деректерден бастап аяқ қарап, біріне-бірін салғастырып--жаңа мзанның 4 інші статьясы 5 інші тармағы 202 жолдауды ұйғардық.

1) Омар Тайбекұлының, Алтайбекұлының және басқаларының 116-128 статьясымен айыпталған жұмыстарын іс жүзінен қысқартуға .

2) Берліқожаұлы, Жұрынтайұлы, Избасарұлы өтірік пәле салғаны туралы Қ.Заңының 95 статьясының 2 і тармағымен сотқа тартуға. Тортайұлы Аманқұл, Байғабылұлы, Өмір Ұзақұлы, Берліқожаұлы, Жұрынтайұлы, Избасарұлы ұйымдасып байдан тауып алған үкімет малын, үкіметтен мойыны қашық жерде отырып өлді, сатып алдым деп сіңіре беру мақсатына кіріп, малдың орынсыз көзін жойғаны үшін, жұмыстарын бөліп алып, Қазақстан заңының 168 бабымен айыпты тауып, тергеуін жүргізуге қаулыдан прокурорға бір көшірмесі қара шаруа бақылаушысына жіберуге.

Шет аудандық тергеуші қол қойған: Қолы.

Хатшы: қолы.[3]

Жауап

1929 жылы июнь айының 12 інші күнінен 18 июлге дейін кеңес ағасы Жылқыбай Түменбайұлынан, Омарбек Тайбекұлының, Қабылбек Алтайбекұлының жұмысы туралы жауап алды. Төменде көрсетілді.

1) Жасы 40 та. Хат білмейді. Шала. Ауқаты кедей. Партияда жоқ. Негізгі кәсібі жалшылық. Қатын баласы бар. Сот тергеуінде болмаған.

Партия комитетіне арыз бердім. Тайбекұлы Алтайбекұлының онымен Омарбекұлы, Қабылбек Алтайбекұлы, Майшеке Смағұлұлымен төртеуіміз бардық. Шу деген жерге. Аманбай балаларының тыққан малдарын іздеп тапқанымыз. 27 қара, 84 қой, 5 көрпе, 4 ішік, 1 бешпет, 1 шалбар, 1 шапан және Ағыбай батырдың кісесі мен қылышын таптық.

Осы малдың ішінде 34 қойды айдауға жүре алмайтын болған соң Шу бойына бақтырып кеттік. Тағы сол жерге 4 жылқы баққыздық. Үш-арал деген жерге 7 жылқы баққыздуға бердік. Осы қалған малдардың Шудағыларының бәрі тегіс келді. Үш-аралдағы малдан түк келген жоқ. Бұған жинауға барған өзім едім. Ол жердегі малдан 3 бие, бір дөнен өліпті. Қалған жылқының біреуін Тоқабек Берліқожаұлына сатып кетті деп бермеді. Қалған 2 жабағы Жұрымбайұлы Омарбекке 25 сомға сатқан. Құла жабағыны Әлібек Басарұлына 15 сомға сатқып кетіпті. Осыны сатқан Омарбек, Қабылбек. Және қойды Қабылбек құдасына беріп кетіпті, Смағұл әйеліне. Және 2 қойды аттың майына беріп, бұл жерде ақшаны жанымнан бердім деп ақша алады. Мұнда келген соң және екі қойды Мәйшеке Смағұлұлына беріп кетті. Туысқандық жөнімен мұны берген Қабылбек және Ыдырыс дегеннің атын бір қойға майлап мінген. Оған өз ақшамнан бердім деп бұған да ақша алған. Бір бешпет, бір шалбар, бір шапан, осыны ауданға білдіремін. Жоғарғы үшеуі бірігіп кеткен. Смағұлұлы Қабылбектің жақыны, сол жақтан ертіп алған. Және Мойынкүм ауданындағы қалған малдар алуға барып көктөбел ат қайда деп сұрап едім, сатып кетті деп бермеді 25 метр пұлға Жаркен Сыздықұлына. Оның бәрін кәзір біліп отырған себебім, кейінгі малдарды алуға барғанда білдім. Елге бағуға қойған болып сатып кете беріпті. Осы малдардан басқа малдың бәрі келді. Осы жауап оқылып, естідім. Жауап алдым. [4]

Жауап

1929 жылы июнь айының 26 күні 16 ауыл кеңес ағасы Қабылбек Алтайбекұлының өзінің жұмысы туралы жауап алдым. Партия тергеушісі Райымқұлұлы. Өтірік мәлімет берсе жауапты болатынын ескерттім. Жасы 29 да. Шала хат біледі. Ауқаты кедей. Негізгі кәсібі, жалшы. 1928 жылдан партияның тілектесі. Билет №485. Басқа партияда болмаған. Әскер қызметінде болмаған. Партия алдында болмаса, кеңес сотының алдында болмаған. Бұрын сотта болмаған. Әскер қызметінде болмаған. Партия алдында болмаса, кеңес алдында жауапты болмаған. Бұрын сотта болған. Кәзір 15 ауыл кеңес ағасы. Өзінің жауапты болған жұмысы туралы төмендегіні көрсетеді. Кәмпескеленген Аманбай балаларының тыққан малын табу жөнінде декабрь айының ішінде шықтық. Бұған Тайбекұлы, Жылқыбайұлы, Түменбайұлы, Ақмағамбетұлы 4 кісі және Ақмағамбет бері қалған соң жолдан Мәйшеке Смағұлұлын ертіп алдық. Алып қайтқан малымыз 73 қой, 87 қара, 4 ішік, 5 көрпе, бір қылыш, бір кісе, 4 шай, екі бешпет. Осы малдан келгені 60 тың ішінде қой, 15 қой баққанға бердік. Қалған малдан осы күні қанша қалғанын білмеймін. Мал қойған кісілерді білемін, бірақ қанша мал қойғанымдызды ұмытып қалдым. Жоғарғы айтылғана 4 ішік, 5 көрпе, 2 бешпет, 5 көрпе, қылыш, кісе бәрі келді. Бұлардың тізімін милицияға Омар берді. (қалған жері жыртылған). 1928-1929 жылдың ішінде Аманбайұлдарының және Ақбұзауұлдарының кәмпескеден жасырғаннан табылған малдарының тізімі. 4/II-1929 жыл.

№	Әр түрлі қолхат акт қағаздарының аттары	Табылған малдардың түсі, түгі және аттары	Акт қағазы
1.	Шалбай Күзетұлының қолхаты 16 ауыл азаматы	Тоғыз тірі қой, он екі тоқты.	Бір бөлек қағазда
2.	16 ауыл азаматы Балмағамбет Дүйсембайұлының қолхаты	Он тоқты	Бір бөлек қағазда
3.	16 ауыл азаматы Қожамберлі Көшпесінұлының қолхаты	Алты тірі қой	Бір бөлек қағазда
4.	Бұл да Балмағамбет Алдабайұлының	Үш тірі қой, бір тоқты	Бір бөлек қағазда
5.	Бұл да Кенжеқара Қожахметұлының	Он тірі қой, төрт тоқты	Бір бөлек қағазда
6.	Бұл да Бейсембай Тәжіұлының	Бір самақот арба	Бір бөлек қағазда
7.	Бұл да Қараман Жақсылықұлының қолхаты.	Екі бұзау	Бір бөлек қағазда
8.	Бұл да Мизамбекұлының қолхаты	Бір қызыл құнан, Аманбай таңбалы, бір байтал.	Бір бөлек қағазда
9.	Бұл да Мәукім Бағымбекұлының	Бір байтал	Бір бөлек қағазда
10.	Бұл да Ақмет Ақшолақұлының	Бір құнан	Бір бөлек қағазда
11.	Бұл да Ысқақ Ұлубайұлының	Бір кер дөнен	Бір бөлек қағазда
12.	Бұл да Кенжебай Жұманұлының	Бір сары бауыр ат	Бір бөлек қағазда
13.	16 ауыл азаматы Ақберген Сыздықұлының қолхаты	Бір ат торы жорға	Бір бөлек қағазда
14.	Бұл да Мұстапа Аманқұлұлының қолхаты	Бір қара бие бойдақ	Бір бөлек қағазда
15.	Бұл да Жорабек Орымбетұлының қолхаты	Бір үлкен құла бие бойдақ	Бір бөлек қағазда
16.	Бұл да Қаракей Жандарбекұлының қолхаты	Бір үлкен торы бие бойдақ	Бір бөлек қағазда
17.	Бұл да Жантөре Байғабылұлының қолхаты	Бір үлкен тор бие бойдақ	Бір бөлек қағазда
18.	9 ауыл азаматы Тамабай Айнабекұлының қолхаты	Бір үлкен бойдақ бие, бір байтал, бір құнан	Бір бөлек қағазда
19.	16 ауыл азаматы Балмағамбет Алдабайұлының қолхаты	Бір байтал	Бір бөлек қағазда
20.	11 ауыл азаматы Андікеш Асылбайұлының қолхаты	Бір айғыр көкала	Бір бөлек қағазда
21.	Үлкен мал туралы жасалған бір санды акт	Бір буырыл жабағы	Бір бөлек қағаз
22.	Бұл да үлкен мал туралы екі санды акт	Бір құла бие дөнежін	Бір бөлек қағазда
28.	16 ауыл азаматтары Шалбай		

Шет ауданы, 16 ауыл азаматтары Түсіпбек, Бәтiш, Абдрахман, Ахмет Аманбай ұлдарының сол 16-ауыл iшiне тыққаннан сойылған малдардың тiзiмi.

p/c	Әкесiнiң әм өзiнiң аты	Қай ауыл	ауданы	Сойылған мал
1	Бейсембай Күзейұлдарында	16 ауыл	Шет	3 қой
2	Мақмет әйелiнде	16 ауыл	Шет	2 қой
3	Белгiбай ұлында	16ауыл	Шет	2 қой
4	Ыдырыс Белгiбайұлында	16ауыл	Шет	1 қой
5	Тәжi қатынында	16ауыл	Шет	1 қой
6	Майшеке Смағұлұлында	16ауыл	Шет	2 қой
7	Исабек Жотабайұлында	16ауыл	Шет	2 қой
8	Бозанда	16ауыл	Шет	5қой, жабағы
	Барлығы			18 қой, 1жабағы
9	Тезекбай Түмембайұлында			2ат, 1түйе, бiр кесек кигiз
10	Ахметте			1 түйе
12	Әбен Бәйiмбекұлында			4кұлынды бие, 2тай, 1кұнан
13	Мәуленде			4 түйе

Стр 8

Қолжазу

1928 жылы, декабрь айының 12 күні төменде қол қоюшы Шет ауданының 16 ауыл азаматы Сәрсен Байқабылұлы. Беремін осы қол жазуды 16 ыншы ауылға шыққан өкілдерге. Себебі мынау: Мiнiп жүрген аттары болдырып, жаяу қалған себептi өзiм мiнiп жүрген көк-аламды майладым ақшаға. Ақшамды қолыма алдым. Сондықтан қол жазу берiп отырмын. Өзiм хат бiлмегендiгiм үшiн, сұрау бойынша жүзбе-жүз қолымды қоямын. Майшеке Смағұлұлы. Қол қойған.Бiз қол жазу алдық: Тайбекұлы, Алтайбекұлы, Түмембайұлы.

Қол жазуды растап қол қойып, мөр басқан. Дұрыс алынды. Көшiрме дұрыс алынған. Шет ауылының ағасы: Жаңқашұлы.

Стр 9

Жауап

1929 жылы июнь айының 22 сi күнi аудандық милиция Омар Тайбекұлының өзiнiң жұмысы туралы жауапкер есебiнде партия тергеушiсi Райымқұлұлы жауап алдым.Өтiрiк мағлұмат берсе, жауапты болатындығын ескерттiм.Жасы-25 те. Бiлiмi: Хат бiледi. Ауқаты: Кедей. Негiзгi кәсiбi: Жұмыскер. 1926 жылдан партияға тiлектес. Төңкерiсте болмаған. Әскер қызметiнде болмаған. Азамат соғысында болмаған. Партия алдында болмаса, Кеңес алдында жауапты болмаған. Жауапқа тартылғанша милициялық қызметiн атқарған. Кәзiргi қызметi милициялық қызмет. Өзiнiң айыпты болған жұмысы туралы берген жауабы:

«Кәмпескеленген Аманбай ұлдарының елге тығып кеткен малдарын iздеуге бардык. Қабылбек Алтайбекұлы, Жылқыбай Түмембайұлы, Ақмағамбет Белгiбайұлы осы төртеуiмiз. Тапқан малымыз 73 қой, 87 iрi-қара, уақ, iрiсi аралас. 4 iшiк, 5 көрпе, 1 самақот арба, бiр қылыш, бiр кiсе, екi қағаз шай, бiр тас шай осылар. Осы малдардан келгенi 15 қой уағы iрiсi аралас. 63 қара мал. 4 iшiк. 5 көрпе. Бiр қылыш, бiр кiсе. 3 қағаз шай. Бiр тас шай. Осылар келдi. Қалған малдар айдауға жүре алмады. Ол жақта қыс қатты болды, сол себептен жүре алмады.

Преобразование органов

Стр 12

Құпия. Өте жасырын. Аудандық партия комитетiнiң хатшысына.

1)Осы қатынас арқылы Шет аудандық милиция және қылмысты зерттеу бөлiмiнiң бастығы хабар берiп, милиция ретiнде сұрайды. Бұл жөнiнде жуырда қолға түсiп отырған мәлiмет – хабарларға қарағанда Шет ауданы, сан 6 ауыл iшiндегi 2 санды партия ұясының хатшысы Төлеутай Сүйкiмбекұлы, басқа партия мүшесi тiлектермен бұқаралары қосылып, барлығы 15 адам ұйымдасып 4 қос мылтықпен Қарағанды зауытына көшiп бара жатқан Қоңырат ауданы, сан 1 ауылы 9 үй жалшы-кедей шаруаларды «бiз қашқынбыз»-деп

бандалық жолмен барлық жарарлық мүлік-тамақтарын күшпен тартып алып, жоғарыдағы ауыл бұқараларына өтірік бандалық жұмысын жайып әсер беріп отырғандығы толық сезіліп отыр.

2)осы аудан, сан 5 ауыл кеңес ағасы Аманбай Сәрсембайұлы бүкіл Алғабас колхозының мүшелері болып ауылдарына қашып келген атақты жуан Омарбек Қауымбекұлы, Төкебай, Құсайын Тәтиұлы, Сыздық Сақауұлдарын қолдарына құрал-мылтық тауып беріп жоғарғы қашқындардың ел еңбекшілерінің тиышын алуға кеңес ағасы Сәрсембай бас болып, үлкен жол ашып отырғандығы, онымен бірге Спаскі зауытындағы өндіріс курс оқуына кеткен кедей балаларына март айының ішінде оқудан қайтындар, Орал обылысында 4 патшаның соғысы болып жатыр, атысқа жібереді, оққа ұшасындар, жуырда Кеңес үкіметі жоқ болады, бізге кәзет келді – деген сөздерді айтып Алғабас колхоз басқармасы болып және кеңесі Сәрсембайұлы болып қатынас жазып, ел еңбекшілерінің арасына сондайлық тиышсыздық әсерге салып отырғандығы байқалады. Сондықтан сізден сұраймын. Себебі: Шет аудандық милиция және қылмысты зерттеу бөлімінің қызметкерлері тез арада осыларға күш жұмсау үшін көрсетілген ауылдарға шыққалы отыр. Соның үшін тез ырзалық берулеріңізді сұраймын. Егер бұл жағдай осы бетімен шара істелмей жүре берсе, әр ауылда осындайлар жол алып кетуге жағдай барлығы өзіңізге мәлім. 27/6-1932ж.

Шет аудандық милиция: қолы

Қылмысты зерттеу бөлім бастығы: қолы

Құпия бөлім басқармасы уәкілі.қолы Матайұлы.

Ескерту: мына жұмысты жете анықтап, тиісті шарасын қолданған нәтижесін хабарла. 28/6-1932 жыл[4].

Бұл құжатты толығымен дерлік қолданып отырмыз. Себебі сол кезеңдегі ауқатты адамдарға тағылған айып, сонымен қатар Ағыбай батыр ұрпақтарының ауылдастарына деген қарым қатынасы осы құжаттан айқын көрінеді. Кәмпсеке тізіміне іліккен Аманбай балаларының сот істері барынша жасырын жүрді. Айыптау бойынша жалға ақпараттар да қолданылды.

Әдебиет тізімі:

1. Шет ауданының мемлекеттік архиві. «Список кулаков и баев лишенных избирательных прав Қор 109п, тізім 1, сақтау бірлігі 13
2. Бұл да сонда.... 9 б
3. Бұл да сонда ...12 б.
4. Бұл да сонда ... 18 б.
5. Шет аудандық құжаттары. Фонд 265, опись 2, дело 2. Список кулаков и баев лишенных избирательных прав.

МАТЕРИАЛЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КАК ИСТОЧНИК ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ЧИСТОК ПАРТИЙНОГО И ГОСУДАРСТВЕННОГО АППАРАТА 1929-1932 ГГ. В РЕГИОНЕ

Козина В.В. – д.и.н., профессор

Джумабеков Д.А. – к.и.н., профессор

Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова

Караганда, Казахстан

vkozina55@mail.ru

В конце 1920-х - начале 1930-х годов Советский Союз вступил в полосу масштабных политических и социальных трансформаций. В этот период происходила быстрая индустриализация, коллективизация сельского хозяйства, формировались новые управленческие и партийные структуры, сопровождавшиеся усилением централизованного контроля и репрессивной политики. Карагандинская область, активно развивавшаяся как